

**Каспий теңізінің Қазақстандық секторының мұнай мен газ беру әлеуетін бағалау жөнінде халықаралық консорциум құру туралы<\*> Ескерту. ҚРКМ-нің 28.04.1994 ж. N 441 қаулысын қарау қажет**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 желтоқсан 1993 ж. N 1215

Шет ел капиталы мен жоғары тиімді технологияларды тарту, республиканы және оның аймақтарын әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламасын жүзеге асыру, сондай-ақ Консорциум туралы Келісім шегінде Консорциумға шет елдік қатысушылардың құқына кепілдік беру негізінде Каспий теңізінің қазақстандық секторының мұнай мен газ беру әлеуетін бағалау Бағдарламасын нақты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы мен "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясы, "Аджип С. п. А.", "Бритиш Газ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед", "БиПи Эксплорейшн Оперейтинг Кампани Лимитед Альянсымен" және "Ден Норске Статс Ольеселскап а. с." (бірлесіп жұмыс істейтін), "Мобил Ойл Қазақстан Инк.", "Шелл Эксплорейшн Би. Ви.", "Тоталь Эксплорейшн Продакшн Қазақстан" арасындағы Консорциум туралы Келісім бекітілсін.

2. "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясы осы Келісімге байланысты барлық шарттар мен келісімдерде Қазақстан Республикасынан өкілдік ететін Консорциумның Операторы болып белгіленсін, оған осы орайда қабылданған міндеттерін орындауы үшін тиісті өкілеттіктер берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Қаржы министрлігі, Ұлттық банкі, Экология және биоресурстар министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Байланыс министрлігі, Жер қатынастар және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Өнеркәсіпте жұмыстың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Геодезия және картография Бас басқармасы және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқарма, Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволары "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясына және Консорциумның шет елдік қатысушыларына Келісімге орай өз міндеттемелерін жүзеге асыруы үшін қажетті Каспий теңізінің акваториясы мен жағалау тілкеміне байланысты рұқсаты шектеулі материалдарды белгіленген тәртіппен лицензиялау, рұқсат ету және пайдалану құқын беретін

болсын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі  
Консорциум қызметінің бүкіл мерзіміне шетелдіктерді визалармен  
қамтамасыз етсін және Каспий теңізімен шектес мемлекеттермен  
акватория мен шельф бойынша теңіз шекараларын белгілеу жөніндегі  
келісімдерді бекітуді жеделдететін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК